ЗЕРЕНДІ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

90 ЖЫЛ ЗЕРЕНДІ

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады

● Жұма, 24 қаңтар, 2025 жыл №3 (624)

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады

Президентке сот жүйесі қызметінің былтырғы қорытындылары туралы мәлімет берілді. Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын, еркіндігін және заңды мүдделерін қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету сот жұмысының басымдығы саналады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаралған істер мен материалдар санының ұлғайғаны, сондай-ақ соңғы 5 жылда сот төрелігін жүзеге асыру сапасының ең жоғары көрсеткішіне (жергілікті соттардың сот актілерінің 98,9 пайызы заңды әрі негізі бар деп танылды) қол жеткізілгені жөнінде баяндалды.

Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотқа дейінгі татуласу рәсімдері көптеп қолданылып жатыр. Алқабилердің құзыреті кеңейіп, олар қарайтын істердің саны (147-ден 261-ге дейін) екі есеге өсті.

Жоғарғы Сот төрағасы салаға жасанды интеллект технологияларын енгізу жайында айтты. Бұл әдіс біркелкі сот практикасын қалыптастыруға, судьялардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетуге ықпал етеді (материалдар мен істердің үштен бір бөлігі, яғни 2 миллион істің 665 мыңы роботты техниканы қолдану арқылы қаралды).

Асламбек Мерғалиев судьялардың дербестігін нығайту мен әкімшілік әділет саласын кеңейтуге бағытталған заң шығару бастамалары, сондай-ақ кассациялық соттар құру туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы заң үстемдігін қамтамасыз етудің және қоғамның соттарға сенімін арттырудың маңызын атап өтті.

ortcom.kz

ҮКІМЕТ

Қазақстандық IT-қызметтер экспорты $470 млн-нан асты

Қазақстан 2024 жылдың 9 айында $471 млн-ға IT-қызметтерді экспорттады. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26%-ға артық. Дегенмен, 2024 жылдың қорытындысы бойынша одан да жоғары сандар күтілуде. Ведомстволық болжамы бойынша, IT-қызметтер экспортының сомасы шамамен $700 млн-ды құрауы мүмкін, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Үкімет отырысы барысында цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев хабарлағандай, Қазақстанның IT-экспортын ілгерілетуде Astana Hub басты рөл атқарады. Ондағы резиденттер саны 1,5 мың компаниядан асты, оның ішінде 400-і халықаралық компания. Олардың жалпы кірісі 2024 жылы 620 млрд теңгені құрады. Бұл ретте экспорттан түсетін табыс – 227 млрд теңге, яғни $479 млн.

Astana Hub резиденттерінің экспорттық географиясы 90-нан астам елді қамтиды. Astana Hub резиденттерінен басқа «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның GovTech өнімдері алғаш рет экспортқа шықты. Мұндай шешімдердің қатарына Smart Data Ukimet, Smart Bridge және ИРБП веб-сайт құрастырушысы кіреді.

ortcom.kz

ПАРЛАМЕНТ

Сенат депутаттары Қазақстандағы пошта қызметін дамыту жайын талқылады

Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары «Қазпошта» АҚ Басқарма төрағасы Әсел Жанасованың қатысуымен отырыс өткізді. Онда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс қызметтерін көрсету, мемлекеттік сатып алу, көлік және пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды талқылау күн тәртібіндегі басты мәселе болды.

Отырыс барысында заңның мақсаты – пошта байланысын дамыту, жеткізуді оңайлату, поштаны орналастыру және поштаға жауапты органдардың жұмысын жақсарту екендігі атап өтілді. Отырысқа қатысушылар «Қазпошта» АҚ қызметін егжей-тегжейлі талқылай келіп, пошта, логистика, қаржы саласы мен әлеуметтік қызмет көрсету, ауылдық жерлердегі мемлекеттік қызметтерді дамыту және материалдық-техникалық базаны нығайту мәселелеріне назар аударды. Ауылдық елді мекендерді пошта және қаржы инфрақұрылымымен қамтамасыз ету, пошта бөлімшелерін сақтау және пошта қызметкерлерінің жалақы деңгейін арттыру тақырыбы да қоз- ғалды.

Сенат комитетінің төрағасы Сүйіндік Алдашев шалғай өңірлерде бірқатар қызмет түрлері ғана ұсынылатын пошта бөлімшелерінің әлеуметтік рөліне тоқталды.

Қатысушылар кездесу барысында «Қазпоштаны» тұрақты дамыту жөнінде ұсыныстар айтты және саланы нығайту үшін инвестиция тарту қажеттігі туралы ойларын ортаға салды.

senate.parlam.kz

Зерендіде жаңа спорт мектебінің құрылысы басталды

Осы аптада балалар спорт мектебінің құрылысына капсула салынды. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, биылғы жылдың қыркүйек айында Зерендіде құны екі миллиард теңгеден асатын заманауи көпфункционалды ғимарат пайда болады!

Ескі ғимаратты бұзу жұмыстары бірнеше күн бұрын басталды: Зеренділіктердің көпшілігі соңғы онжылдықтарда жүздеген спортшылар физикалық тұрғыдан өскен Жастар спорт мектебі ғимаратының көз алдында қалай жоғалып бара жатқанын байқады. Дегенмен енді ешкім күмәндан- байды: себебі көпшілік көптен бері армандаған жаңа спорт мектебі пайда болады!

Болашақ ғимараттың ірге тасын қалау рәсіміне Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Зеренді ауданының әкімі Әсен Жақсылықов, спорт ардагерлері мен жас, болашағынан үміт күттіретін спортшылар, сондай-ақ көптеген жанкүйерлер қатысты.

– Бүгін біз тек Зеренді ауданы үшін ғана емес, бүкіл Ақмола облысы үшін, жалпы республикамыз

үшін аса маңызды оқиғаның – Зеренді ауылындағы болашақ спорт мектебінің капсуласының қалануының куәсі болып отырмыз, – деді облыс әкімі Марат Ахметжанов жиналғандар алдындағы сөзінде.

– Жаңа мектеп ғимаратында күрес, бокс, гір көтеру және спорт залы болады. Мұнда бір мезетте 80-нен астам спортшы жаттыға алады. Сонымен қатар, жақын жерде үлкен ашық хоккей алаңы салынады. Грек-рим күресі, ауыр атлетика, биатлон, шаңғы жарысы, бокс, еркін күрес, қазақ күресі, футбол, самбо, спорттық туризм бөлімдерінде 1500-ден астам адам қамтылады. Бұл нысан бүкіл аудан, облыс тұрғындарын қызықтыратын орталыққа айналады деген сенімдемін. Мұнда облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстар өтеді! Жаңа мектеп тамаша жарыстар өтетін орынға, болашақ рекордшылар мен әлем чемпиондарының ордасына айналады,- деді Марат Мұратұлы.

Облыс басшысы дене шынықтыру мен спортты дамыту мемлекеттік саясатымыздың маңызды бағыты екенін атап өтті. Болашақ Зеренді спорт мектебі – шетелге заңсыз аударылған, кейіннен Арнайы қордың басқаруына қайтарылып, игі мақсатқа пайдаланылған қаржыға салынып жатқан алғашқы жоба.

(Жалғасы 2-ші бетте).

Ақмола облысында Чаглинка өзенінің арнасы тереңдетілуде

Ақмола облысында көктемгі су тасқынына дайындық белсенді түрде жүргізілуде, әсіресе су айдындарын тереңдету және тазарту жұмыстарына ерекше назар аударылуда.

Зеренді ауданындағы Шағалалы (Чаглинка) өзенінде бірінші шұңқырды қазу жұмыстары аяқталып, топырақ пен құнарлы өсімдік қабаты алынды. Екінші шұңқырды қазу жұмыстары аяқталуға жақын. Жақын күндері мердігер үшінші шұңқырды қазуға кіріседі. Жұмыстарды осы жылдың наурызына дейін аяқтау жоспарлануда.

«Qazaq Union» ЖШС директоры Ұлан Қабдиннің айтуынша, көктемгі су тасқыны кезінде құрылыс техникасының кезекшілігі ұйымдастырылады. Жұмыстар екі ауысымда жүргізіліп, шамамен 20 техника жұмылдырылған. Жұмыстардың жалпы орындалу көлемі 75%-ды құрайды.

Жұмыстардың барысымен облыс әкімі Марат Ахметжанов танысып, құрылыс сапасы мен қарқынын жоғары бағалады. «Шағалалы өзені облыс орталығына жақын орналасқан. Сондықтан барлық жұмыстар сапалы және уақытында орындалуы тиіс», – деп атап өтті М. Ахметжанов.

«Бұл бөгеттер – біздің ауылдық округіміздің ұзақ уақыт шешілмей келе жатқан ең өзекті мәселелерінің бірі. Өңір басшылығының қолдауымен бұл шараның жүзеге асырылып жатқанына қуаныштымын. Бөгет құрылысы мен өзен жағалауын нығайту біз, ауыл тұрғындары үшін оң әсерін тигізеді», – деді Қабыкен Дүйсенов.

Айта кетейік, қазіргі уақытта өңірде Жабай, Шағалалы және Колутон өзендерінің жағалауын нығайту және түбін тереңдету, Жібек Жолы ауылында қорғаныс бөгеттерін салу жұмыстары жүргізілуде, бұл су тасқыны суларын тасуын болдырмауға және жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, Шортанды ауданының Дамса ауылында және Жақсы ауданының Чапаевская бөгетінде су өткізу құрылыстарын олардың өткізу қабілетін арттыру және су басу қаупін азайту мақсатында қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Іс-шаралар «Демеу Қазақстан қоры» корпоративтік қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылуда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Фотосуреттерді облыс әкімінің баспасөз қызметі ұсынды.